



D. Serikbayev

**EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY**

Саясат


ТДМ N°7

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ



МАЗМҰНЫ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
1.1 Мақсаты	3
2 НЕГІЗГІ САЯСАТ БАҒЫТТАРЫ	3
2.1 Ұсынылатын шаралар	5
3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	6
4 ҚОРЫТЫНДЫ	7



1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР



Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (бұдан әрі – Университет) тұрақты дамудың маңыздылығын, соның ішінде **БҰҰ-ның N°7 Тұрақты даму мақсатын – «Арзан және таза энергияны»** мойындайды. Университет барлық кампус аумағындағы жөндеу және жаңа құрылыс нысандарына энергия тиімділігі стандарттарын зерттеу мен кезең-кезеңімен енгізу арқылы қолжетімді және таза энергия көздерін пайдалану саясатын ұстанады. «Жасыл энергетиканы» тұрақты дамыту мақсатында Университет көміртекке тәуелді энергетикалық салаларға, әсіресе көмір өнеркәсібіне инвестиция салудан бас тартуға ұмтылады.

1.1 Мақсаты

Энергия тиімділігін арттыру, энергияны ұтымды пайдалану және таза/жаңартылатын энергия көздерін енгізу мақсатында ТДМ 7 қағидаттарын ШҚТУ-нің білім беру, ғылыми және инфрақұрылымдық қызметіне интеграциялау.

2 НЕГІЗГІ САЯСАТ БАҒЫТТАРЫ

Бағыт	Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ
Инфрақұрылым және энергия үнемдеу	Университет энергияны үнемдеу саясатын ұстанады: - ескі жарықтандыру және жабдықтарды жаңа энергия тиімді құрылғыларға (светодиодты жарықтандыру) ауыстыру; - сатып алу кезінде энергия тиімділік класына қойылатын талаптарды сақтау; - автоматтандырылған жылу тораптарын орнату; «Ақылды кампус» жүйесі (енгізілу деңгейі – 95,55%); «жасыл» құрылыс элементтерін енгізу. Жаңартылатын энергия көздері: бас ғимарат пен «Простор» жазғы экспедициялық кампусында орнатылған күн жүйелері, «Простор» ЖЭК-тың жылу сорғылары.
Білім беру және академиялық қызмет	Білім беру бағдарламалары: бакалавриат «6B07104 – Электроэнергетика», магистратура «7M07115 – Жаңартылатын энергетика». Университет заманауи зертханалармен қамтамасыз етілген, соның ішінде Архитектура, құрылыс және энергетика мектебінің құрамындағы «Альтернативті және дәстүрлі энергетика» оқу зертханасы бар.

	Студенттер аймақтың жетекші энергетикалық кәсіпорындарында өндірістік тәжірибеден өтіп, заманауи технологиялар мен жабдықтармен жұмыс істеу тәжірибесін алады.
Ғылыми және жобалық қызмет	Университет ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттары бойынша гранттық қаржыландыру алады. Ғылыми жоба: AP22685023 «Материалдарды ұсақтау процесінің энергия тиімді әдісін өзірлеу», мақсаты – материалдарды ұнтақтау процесінің энергия тұтынуын 20%-ға азайту. Компаниялармен бірлескен жоба: қала әкімдігімен, USAID және AES тобы компанияларымен энергия сақтау жүйелері мен энергия аудиті бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандум.
Ағартушылық, мәдени және коммуникациялық қызмет	Университет студенттер мен қызметкерлер үшін энергия үнемдеу тақырыбында дәрістер өткізеді (онлайн-дәріс, сарапшыларды шақыру). Экология және энергия үнемдеу мәселелеріне назар аудартатын халықаралық конференциялар, семинарлар, форумдар мен іс-шаралар ұйымдастырылады.





2.1 Ұсынылатын шаралар

- 1) Университеттің энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту
— ғимараттарға кешенді энергия аудитін жүргізу, жабдықтарды кезең-кезеңімен ауыстыру және жылыту, желдету мен жарықтандырудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу.
- 2) Кампус аумағында жаңартылатын энергия көздерін енгізу

— күн панельдерін, жылу сорғыларын, сондай-ақ пилоттық жел және геотермалдық қондырғыларды орнату және олардың қолданылу аясын кеңейту.

3) Құрылыс пен жөндеудің «жасыл стандарттарын» қалыптастыру

— университеттегі барлық жаңа нысандар мен қайта жөндеу жұмыстарына энергия тиімділігі мен экологиялық талаптарды міндетті түрде енгізу.

4) Тұрақты энергетика бойынша білім беру бағдарламаларын дамыту

— оқу жоспарларына жаңартылатын энергия көздері, энергия тиімділігі және «жасыл» технологиялар туралы модульдер мен курстарды енгізу.

5) Практикаға бағытталған оқыту және зертханаларды дамыту

— оқу зертханаларын және энергетикалық кәсіпорындардағы өндірістік тәжірибелерді пайдалану, қолданбалы зерттеулер мен инновацияларды жүзеге асыру үшін ғылыми бөлімшелерді қолдау.

6) Өнеркәсіптік және халықаралық ұйымдармен серіктестік

— энергетикалық компаниялармен, мемлекеттік органдармен және халықаралық агенттіктермен бірлескен жобаларды іске асыру.

7) Студенттік бастамалар мен стартаптарды қолдау

— жобалық қызметті ынталандыру, таза энергия саласындағы студенттік клубтар мен стартап-инкубаторларды құру.

8) Ағартушылық жұмыс және «жасыл мәдениетті» қалыптастыру

— энергия үнемдеу бойынша тұрақты дәрістер, семинарлар, акциялар мен студенттер мен қызметкерлердің қатысуымен өткізілетін экологиялық науқандар ұйымдастыру.


9) Мониторинг және есептілік

— университеттің энергия тұтынуы мен жетістіктері туралы жыл сайынғы есептер дайындау, деректерді ашық қолжетімді ету және нәтижелерге сәйкес саясатты түзету.

3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



Университетінің THE Impact Rankings халықаралық рейтингінде ТДМ 7 «Арзан және таза энергия» бойынша рейтингісін жоғарылату.





Университетінің энергия тұтынуын азайту және энергетикалық тепе-теңдікте жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру.



Университетінің таза энергия саласындағы зерттеу және білім беру әлеуетін нығайту.

Студенттер мен қызметкерлер арасында «жасыл кампус мәдениетін» қалыптастыру.

4 ҚОРЫТЫНДЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ тұрақты даму қағидаттары мен ТДМ 7 мақсаттарын іске асыруға адал. Осы Саясат – жаңғырту, инновация және экологиялық жауапкершілік жолындағы іс-қимыл картасы болып табылады. Тек оқытушылардың, студенттердің, әкімшілік қызметкерлер мен сыртқы серіктестердің бірлескен күш-жігері арқылы ғана университет аясында және оның ықпалы арқылы аймақ деңгейінде тұрақты, таза және қолжетімді энергияға қол жеткізу мүмкін.